

## Аккредиттеу картасын беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 5 қыркүйектегі № 407-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 6 қыркүйекте № 35040 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 28-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Аккредиттеу картасын беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі

А. Балаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат

## Аккредиттеу картасын беру қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы аккредиттеу картасын беру қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және журналистерге (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне) аккредиттеу карталары беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі – аккредиттеу картасын беру арқылы бұқаралық ақпарат құралдарын және олардың журналистерін (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін) аккредиттеудің автоматтандырылған процесі;

2) бас редактор (редактор) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясын басқаратын және бұқаралық ақпарат құралының өнімін шығаруға және таратуға тиісті өкілеттіктері бар жеке тұлға;

3) бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле -, радиоарна, интернет-басылым;

4) бұқаралық ақпарат құралының редакциясы – материалдарды жинауды, дайындауды, бұқаралық ақпарат құралын шығаруды және таратуды жүзеге асыратын жеке тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын шығармашылық ұжым;

5) бірыңғай медиа платформа – мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыруға арналған ақпараттық жүйе;

6) журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясымен еңбек немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарлар мен материалдарды жинау, өңдеу және әзірлеу қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға;

7) журналисті (бұқаралық ақпарат құралының өкілін) аккредиттеу – журналисті тағайындау рәсімі және оның өкілеттігін мемлекеттік органның және (немесе) ұйымның тануы;

8) масс-медиа саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – масс-медиа саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. Бұқаралық ақпарат құралдары журналистерді (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін) аккредиттеудің оңайлатылған тәртібімен бірыңғай медиа платформа арқылы аккредиттейді.

Аккредиттеудің оңайлатылған тәртібі жағдайында журналистерге (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеу карталары беріледі.

## **2-тарау. Аккредиттеу картасын беру тәртібі**

4. Аккредиттеуші ұйым аккредиттеу картасын беруге өтініштерді қабылдауды бастау туралы хабарландыруды бірыңғай медиа платформада қазақ және орыс тілдерінде орналастырады.

5. Аккредиттеуші ұйымның жанынан өз журналистері (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері) үшін аккредиттеу картасын алуға ниет білдірген бұқаралық ақпарат құралдары он жұмыс күні ішінде бірыңғай медиа платформада аккредиттелетін журналистердің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің) жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) көшірмесін, аккредиттелетін журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес деректерін пайдалануға келісімін және аккредиттелетін журналистердің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің) фотосуретін қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас редактордың және (немесе) бұқаралық ақпарат құралы редакциясы өкілінің қолы қойылған аккредиттеу картасын беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

6. Өтінішті қарау мерзімі – осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні.

Өтінішті аса маңызды мемлекеттік объектілерде және стратегиялық объектілерде қарау мерзімі – он жұмыс күні.

7. Аккредиттеуші ұйым өтінішті қарау қорытындылары бойынша өтініш берушілерді мынадай шешімдердің бірі туралы бірыңғай медиа платформа арқылы хабардар етеді:

1) аккредиттеу картасын беру туралы;

2) аккредиттеу картасын беруден бас тарту туралы.

8. Аккредиттеу картасы аккредиттеуші ұйым айқындайтын мерзімге беріледі.

9. Мыналар:

1) осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбау;

2) бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды тоқтата тұру не тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

3) тізілімде есепке қойылған бұқаралық ақпарат құралдарының болмауы аккредиттеу картасын беруден бас тартуға негіз болып табылады.


10. "Журналистерді (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері) аккредиттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 367-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34967 тіркелген) бекітілген Журналистерді ( бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін) аккредиттеудің үлгілік қағидаларына сәйкес аккредиттеу картасынан айырудың (күшін жоюдың) негізі айқындалады.

11. Бұқаралық ақпарат құралының өкілі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен аккредиттеу картасын беруден бас тартуға шағым жасай алады.

Аккредиттеу картасын  
беру қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

Аккредиттеу картасы № \_\_\_\_\_



(Фотосуретке арналған орын)

Осы аккредиттеу картасы: \_\_\_\_\_  
берілді.

(журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса)  
және

\_\_\_\_\_ аккредиттеуді растайды.

(Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының, қоғамдық бірлестігінің  
және ұйымының атауы)

Журналист (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі)

\_\_\_\_\_ (бұқаралық ақпарат құралының атауы) қызметкері болып табылады.

Қолданылу мерзімі \_\_\_\_\_.

\_\_\_\_\_ .  
Лауазымы ТАӘ

QR

Аккредиттеу картасын  
беру қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

кімге (аккредиттеуші ұйымның  
атауы)

кімнен (бұқаралық ақпарат  
құралдарының  
атауы ақпарат)

## Аккредиттеу картасын беру туралы

### ӨТІНІШ

Сізден \_\_\_\_\_ аккредиттеу картасын беруіңізді  
сұраймын

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық  
мекенжайы)

Бұқаралық ақпарат құралы туралы мәліметтер:

- 1) бұқаралық ақпарат құралының атауы: \_\_\_\_\_;
- 2) бұқаралық ақпарат құралының заңды мекенжайы (жеке тұлғалар үшін)  
және орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін): \_\_\_\_\_;
- 3) бұқаралық ақпарат құралының телефон, факс нөмірлері, электрондық  
мекенжайы: \_\_\_\_\_;

Қоса берілетін құжаттар:

- 1) аккредиттелетін журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің)  
жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.
- 2) аккредиттелетін журналистің (бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің)  
"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының  
Заңына сәйкес дербес деректерін пайдалануға келісімі.

Өтініште көрсетілген журналистің (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі)  
\_\_\_\_\_ жұмыскері екенін растаймын.

(бұқаралық ақпарат құралының атауы)

\_\_\_\_\_ (бұқаралық ақпарат құралының бас редакторының және (немесе) бұқаралық  
ақпарат құралының меншік иесінің қолы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл